

2025 жылғы ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізудің қамту көрсеткіштері мен қатысу форматтары бойынша қысқаша қорытынды

2025 жылғы Ұлттық ауыл шаруашылығы санағына (бұдан әрі – АШС-2025) қамту және қатысу форматы бойынша қорытындылар мемлекеттік билік органдарын, бизнесті және қоғамды жүргізілген статистикалық байқаудың ауқымы, респонденттердің тартылу деңгейі және деректерді жинауда қоладынылған арналары туралы хабардар ету мақсатында жарияланады.

АШС-2025 жылғы Мемлекет басшысының тапсырмасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін орындау мақсатында, БҰҰ ФАО-ның халықаралық ұсынымдарына сәйкес өткізілді және аграрлық сектордың өзекті әрі салыстырмалы статистикалық базасын қалыптастырудың негізгі элементі болып табылады.

АШС-2025 Қазақстанда өткізіліген екінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағы болып табылады, алдыңғы санақ 2006-2007 жылдары (бұдан әрі – АШС 2006/07) өткізілгенін атап өту қажет.

Санақ 2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүргізілді. Бұл ретте республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарында жеке қосалқы шаруашылықтарға жүргізілмеді, осыған байланысты бұл аумақтар санақтың осы компонентімен қамтылмады.

Деректерді жинау аралас әдіспен жүзеге асырылды. 2025 жылғы 1-31 тамыз аралығында цифрлық платформа арқылы онлайн өзін-өзі толтыру өткізілді, оған ауыл шаруашылығы құрымының 91,3% және жеке қосалқы шаруашылықтарының 19,3% қатысты. 2025 жылғы 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында санақ персоналының респонденттерге жеке сауал салу жүргізуі арқылы деректерді жинау жүргізілді.

Жалпы алғанда, санақтың қамтылу деңгейі ұйымдастырылған шаруашылықтар арасында 97,2%, ал жеке қосалқы шаруашылықтар арасында 96,9% құрады, бұл қамтудың жоғары деңгейін көрсетеді және санақтың статистикалық қорытындыларын кейіннен қалыптастыру үшін деректердің репрезентативтілігін қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығы санақтарымен қамтылған шаруашылықтар: АШС-2025 және АШС 2006-2007

мың бірлік

	АШС-2025	АШС 2006/07	АШСТ*	Өзгеріс, +/- пайызбен	
				АШС 2006/07	АШСТ
А	1	2	3	4	5
Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының саны	20,9	9,5	22,1	+120	-5
ШФҚ/ДҚ саны	268,3	194,3	270,6	+38	-1
Жеке қосалқы шаруашылықтар саны	1 502,0	2 191,3	1 556,0	-31	-3

*АШСТ - Ауыл шаруашылығы статистика тіркелімі

Алынған нәтижелер санақаралық кезеңде ауыл шаруашылығы құрылымының трансформацияға ұшырағанын көрсетеді және субъектілер құрылымы айтарлықтай ұйымдастырылған секторға қарай өзгерген.


Жеке қосалқы шаруашылықтардың (ЖҚШ) саны 31%-ға қысқарып, 2191,3 мыңнан 1502,0 мыңға дейін төмендеді, бұл ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ЖҚШ рөлінің азаю үрдісінің жалғасып жатқанын көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындар саны 2,2 еседен астам өскен – 9,5 мыңнан 20,9 мыңға дейін, шаруа (фермер) қожалықтары және дара кәсіпкерлер (ШФҚ/ДҚ) саны 38%-ға өскен – 194,3 мыңнан 268,3 мыңға дейін.


Тіркелген құрылымдық өзгерістер аграрлық сектордың тұрақтылығын қамтамасыз етуде кәсіпорындар мен ШФҚ/ДК рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді.

Санаққа қатысу форматы бойынша сауалнамаға қатысқандардың үлес салмағы, пайыз

Ауыл шаруашылығы құрылымы



Жеке қосалқы шаруашылық



■ онлайн ■ офлайн

Ауыл шаруашылығы құрылымдары арасында онлайн-форматта қатысудың қорытындылары аграрлық сектордың цифрлық тұрғыдан жоғары деңгейде тартылғанын растайды.

Ауыл шаруашылығының құрылымы, жер пайдалану, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, материалдық-техникалық база, еңбек ресурстары және аграрлық сектордың өзге де сипаттамалары жөніндегі егжей-тегжейлі деректерді қамтитын санақтың негізгі нәтижелері 2026 жылы кеңейтілген талдамалық форматта жарияланады.

Жарияланымдар интерактивті дашборд, электрондық кестелер және PDF форматындағы жинақ түрінде, шаруашылық санаттары және әкімшілік-аумақтық бірліктер (облыс/аудан/ауылдық округ) бойынша егжей-тегжейлі бөлініспен ұсынылады.

Нормативтік-құқықтық актілер

[Нормативтік-құқықтық актілер](#)

Шығаруға жауапты:
Ауыл шаруашылығы
статистикасы және
ұлттық санақтар
департаменті

Департамент
директоры:
А. Джартыбаева
тел. +7 7172 749162

Орындаушы:
Б.Махсатұлы
тел. +7 7172 749337

Мекен-жай:
010000, Астана қаласы
Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 4
кіреберіс